

"Жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшылары мен алушыларын олардың зейнетақы жинақтарының жайы жөнінде ақпараттау тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту" туралы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 18 желтоқсандағы N 171 бұйрығына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті төрағасының 2002 жылғы 12 ақпандағы N 20-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 15 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1798. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 267 қаулысымен.

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау Вице-министрі

2002 жылғы 22 ақпан

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңының 27 бабындағы 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес салымшылар мен алушылардың мүддесін қамтамасыз ету мақсатында,
Б ұ й ы р а м ы н :

1. "Жинақтаушы зейнетақы қорларымен салымшылар және алушыларды олардың зейнетақы жинақтарының жайы туралы ақпараттау тәртібі туралы Нұсқаулық" бекітілсін деген Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 18 желтоқсандағы N 171-Ө бұйрығына төмендегі өзгерту енгізілсін:

аталған Бұйрықпен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларымен салымшылар және алушыларды олардың зейнетақы жинақтарының жайы туралы ақпараттау тәртібі туралы Нұсқаулыққа:

7 тармақ келесі мазмұнда берілсін:

"7. Жыл сайынғы міндетті ақпараттың мерзімі - ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан бастап 2 айдың ішінде".

2. Заң бөлімі (Валиева Р.С.) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіндегі мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап күшіне енеді.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК